

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласы әкімінің 2014 жылғы 13 тамыздағы № 25 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 қыркүйекте № 4021 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының әкімінің 2015 жылғы 11 қарашадағы № 38 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Темір қаласының әкімінің 11.11.2015 № 38 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Темір аудандық аумақтық инспекциясының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2014 жылғы 11 тамыздағы № 14-01/145 ұсынысы негізінде Темір қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Темір қаласына қарасты Жамбыл ауылы аумағында ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күні қолданысқа енгізіледі.

*Темір қаласының әкімі*

*М.ӘКИМОВ*